Кандидат бірінші болып Ақтөбе рельс-арқалық зауытының қызметкерлерімен кездесті.

Мейрам Қажыкен өзінің сайлауалды тұғырнамасының мақсат-мүддесімен таныстырды.

Кездесу қорытындысы бойынша ол зауыт қызметкерлеріне өзінің сайлауалды тұғырнамасына қызығушылық танытып, қойған сұрақтары үшін алғыс білдірді.



Нұрлан Әуесбаев Оралда қала активімен кездесіп, өзінің сайлауалды бағдарламасының негізгі тармақтарына тоқталды.

Бұған дейін «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы» республикалық қоғамдық бірлестігінен президенттікке кандидат Нұрлан Әуесбаев үгіт-насихат жұмыстарымен Ақтөбе, Ақмола облыстарында, Шымкент, Алматы, Астана қалаларында кездесулер өткізгенін хабарлаған едік.



Кандидат ол үшін арнайы ведомствоаралық комиссия құрып, заңнамалық талаптарға сәйкес Парламенттік тыңдалымда аталған мәселе көтерілуі тиіс деді.

Жиынға психолог мамандар мен ювеналды полиция органдарының ардагерлері, аналар кеңесі мен ардагерлер кеңесінің мүшелері қатысты.

